



ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ

Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы
ереже

E-AcMU-143-24

№ 3 басылым

26 беттің 1-беті

«Астана медицина университеті» КеАҚ

Басқармасының

2024 жылғы «25 » науқоудан

№ 30 хаттамалық шешімімен

БЕКІТІЛДІ



**«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-тың
ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ

E-AcMU-143-24

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК КОҒАМЫ
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ОРТАЛЫҒЫ

ТҮПНҰСҚА / ОРИГИНАЛ

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК КОҒАМЫ
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ОРТАЛЫҒЫ

TIPKEY № 49

05. қазақ 20 25.

Астана к.

Күжатты рұксатсыз көшіруге тыйым салынады!



ASTANA MEDICAL UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы
ереже

Е-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 2-беті

КІРІСПЕ

1 ӘЗІРЛЕГЕН

Зерттеу мектебі

2 ӘЗІРЛЕУШІ

«АсМУ» КеАҚ «Қоғамдық деңсаулық сақтау» мамандығының

Диссертациялық кеңесінің ғалым хатшысы, PhD, А.Т. Умбетжанова

«АсМУ» КеАҚ «Медицина» мамандығының Диссертациялық кеңесінің ғалым хатшысы, м.ғ.д., қауымдастырылған профессор А.И. Алмабаева

Зерттеу мектебінің деканы, PhD, К.А. Раисова

Зерттеу мектебінің аға әдіскері Н.Қ. Жұнісәлі

3 ЕҢГІЗГЕН

Зерттеу мектебі, «Астана медицина университеті» КеАҚ Диссертациялық кеңестері

4 БЕКІТІЛДІ

«25 » наука 202 4 ж. № 30

5 ҚОЛДАНЫСҚА

ЕҢГІЗІЛДІ

«25 » наука 2024 ж.

6 КЕЛІСІЛДІ

Проректор, Басқарма мүшесі А.Б. Жунусова

Проректор, Басқарма мүшесі В.В. Койков

Проректор, Басқарма мүшесі Д.Д. Сайдангазин

Проректор, Басқарма мүшесі М.А. Газалиева

Қаржы директоры, Басқарма мүшесі Б.И. Мараджапов

Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы К.К. Асылбаева

Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы А.К. Мухамбетова

7 ҚАЙТА ҚАРАУ КЕЗЕҢДІЛІГІ: қажеттілігіне қарай

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАК

Менеджменттін интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы
ереже

Е-АсМУ-143-24

№ 3 басылым

26 беттің 3-беті

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Негізгі бөлім	4
3. Қайта қарau, өзгерістерді енгізу, сақтау және тарату	14
4. Жазбалар	14
1-қосымша "Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп" нысаны	16
2-қосымша "Этикалық комиссияның қорытындысы" нысаны	17
3-қосымша "Докторант туралы мәліметтер ТАӘ" нысаны	18
4-қосымша "Ресми рецензенттің жазбаша пікірі" нысаны	20
5-қосымша "Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы" нысаны	23
Келісу парагы	24
Өзгерістерді тіркеу парагы	25
Таныстыру парагы	26

Күжатты рұқсатсыз көшірге тыйым салынады!

1. Жалпы ережелер

1. «Астана медицина университеті» КеАК Диссертациялық кеңесі (бұдан әрі – ДК немесе Кеңес) (бұдан әрі – Университет, АсМУ КеАК, ЖОО) докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін және Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне (бұдан әрі – Комитет) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы өтініш жасайтын алқалы орган болып табылады.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңының 6-бабы 30-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлік міндеттің міндеттін атқарушының 2024 жылғы 14 маусымдағы №294 «ҚР БФМ кейбір бүйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бүйрығына сәйкес әзірленді.

3. Диссертациялық кеңес өз қызметін осы Ережеге сәйкес және әкімшілік-басқарушылық, ведомстволық, ұжымдық және қаржылық-экономикалық әсерлерден тәуелсіз және объективтілік негізінде жүзеге асырады.

2. Негізгі бөлім

4. Нормативтік сілтемелер

- 1) Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді.
- 2) Терминдер мен анықтамалар

1-кесте. Терминдер мен анықтамала

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY«Астана медицина университеті» КеАҚ
Менеджменттің интеграцияланған жүйесіЕ-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 5-беті**Диссертациялық кеңес туралы
ереже**

Терминдер	Анықтамалар
Диссертациялық кеңес	докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімінің (бұдан әрі – ЖОО) жаңындағы алқалы орган
Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор	ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантуралық бағдарламасын менгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаган, Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен танылған адамдарға берілетін дәрежелер.
Диссертациялық кеңестің мүшесі	тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар маман
Рецензент	ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе тиісті мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар, диссертациялық жұмысқа пікір (рецензия) беретін маман
Диссертация	философия докторын (PhD), бейіні бойынша докторды даярлау жөніндегі білім беру бағдарламасының нақты мамандығы бойынша біліктілік ғылыми жұмысы
Research proposal	докторант дайындаған және зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдіснамасын, әдебиеттерге шолуды және зерттеудің күтілетін нәтижелерін - диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін қамтитын бірінші немесе екінші оқу жылы ішінде ЖОО бекіткен күжат

5. Диссертациялық кеңестің құрамы мен құрылымы

1) Диссертациялық кеңес төрағадан, төраға орынбасарынан, ғалым хатшыдан және кеңес мүшелерінен тұрады. Диссертациялық кеңестің құрамына ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар 7 (жеті) адамнан аспайтын тұлғалар кіреді.

Диссертациялық кеңес құрамында кем дегенде 3 (үш) мүшесі басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми және (немесе) басқа үйімдардың өкілдері болып табылады.

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАК

Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы
ереже

Е-АсМУ-143-24

№ 3 басылым

26 беттің 6-беті

Диссертациялық кеңес құрамында 4 (төрт) тұрақты мүше болады, олардың ішінде тәраға, тәраға орынбасары және ғалым хатшы бар.

Диссертациялық кеңес құрамында 3 (үш) мүше уақытша тағайындалады, олар докторанттың диссертациялық жұмысын қорғау кезеңінде докторлық зерттеу тақырыбына байланысты тағайындалады.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен байланысы бар тұлғалар тағайындалмайды:

- жақын туыстар — ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, бауырлар мен апалар, аталар мен әжелер, немерелер, жұбайы немесе зайыбы, жекжаттар;

- докторант немесе ғылыми кеңесші олардан қаржылық немесе басқа да ресурстар алуды қамтитын еңбек немесе басқа да қарым-қатынастарда тұрған ұйымдардың қызметкерлері;

- соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірлесіп жарияланған мақалалар мен шолулардың соавторлары.

2) Диссертациялық кеңес құрамына кірмейтіндер:

- диссертациялық кеңес құрылған жоғары оқу орнының ректоры;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері.

Ғылыми кеңесшілер, диссертациялар бойынша жетекшілер, соңғы 5 (бес) жыл ішінде диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған мамандар.

3) Диссертациялық кеңес құрамында кеңес мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болуы тиіс.

4) Диссертациялық кеңестің кем дегенде 4 (төрт) мүшесінің рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары бар: Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Citeishen reports журналы) мәліметтері бойынша алғашкы үш квартильге кіретін басылымдарда кемінде 3 (үш) басылым соңғы 5 (бес) жылда Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша алғашкы үш квартильге кіретін басылымдарда кемінде 3 (үш) жарияланым немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша соңғы 5 (бес) жыл ішінде кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен (отыз бес) төмен емес жарияланымдары болуы тиіс.

5) Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын және оған енгізілген өзгерістерді, сондай-ақ тәраға, тәраға орынбасары мен ғалым хатшыны Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Университет Ректоры бұйрықпен бекітеді.

6) Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері Диссертациялық кеңестің хаттамасымен бекітіледі.

6. Диссертациялық кеңестің жұмыс тәртібі мен шарттары

1) Диссертациялық кеңестің функциялары:

- диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

- Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;

- докторанттың көшірілген материалды авторға және көшіріп алынған дереккөзге (плагиат) сілтеме жасамай пайдалануына диссертацияны тексеру үшін Диссертациялық кеңес мүшелерінен комиссия құру (бұдан ері – Диссертациялық кеңес комиссиясы);

- Диссертацияны көпшілік алдында қорғауды жүргізу;

- Диссертация бойынша шешім қабылдау.

2) Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының функциялары:

- диссертацияны қорғауға қабылдау және қорғау рәсімдерін ұйымдастыру;

- диссертацияны «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексеруге, ЖЖОКБҰ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Үлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Үлттық кітапханасына, ресми рецензенттерге жіберу;

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы
ереже

E-AcMU-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 7-беті

- диссертациялық кеңестің қызметіне қатысты хат-хабарларды жіберу;
- диссертациялық кеңестің веб-сайтында материалдар мен ақпараттарды орналастыру;
- диссертациялық кеңестің отырысына дайындық, соның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды қамтамасыз ету;
- диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;
- Комитетке жіберілетін құжаттар пакетін дайындау.

Корреспонденция ғалым хатшының ресми корпоративтік поштасы арқылы жіберіледі. Ғалым хатшының міндеттерін басқа тұлғаларға, оның ішінде докторантқа жүктеуге болмайды.

3) Жоғары оқу орны:

- диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізу үшін және диссертацияларды көпшілік алдында қорғау үшін қажетті жағдайларды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалануды;
- диссертацияларды плагиатқа тексеру үшін лицензияланған жүйелерді қолдану, оның ішінде халықаралық дереккорлар бойынша тексеруді;
- диссертациялық кеңестің қызметімен байланысты шығыстарды, соның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын өтеуді қамтамасыз етеді.

4) Диссертациялық кеңес мүшелері:

объективті, толық және сенімді мәліметтер ұсынады;
диссертацияны қорғаумен байланысты деректерді жасыруға жол бермейді;
ғылыми этиканы бұзыу фактілеріне әрекет етеді;
шешім қабылдауда қоғамдық пікірдің, бір жақтың немесе үшінші тұлғалардың ықпалынан тәуелсіз болады;
мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу шараларын қабылдайды;
қызмет барысында басқа кеңес мүшелеріне, докторанттарға, ғылыми консультанттарға және ресми рецензенттерге абырай мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін дөрекі, қорлаушы сөздер мен айыптауларды қолданбайды.

5) Осы тармақта қорсетілген талаптарды сактамау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның курамынан шығарылады.

Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін диссертациялық кеңес осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті Комитетке ұсынады.

7. Диссертациялық жұмыстарды қорғау рәсімі мен талаптары

1) Диссертациялық кеңес докторант ұсынған диссертацияны қорғауды үйімдастырады, ол диссертациялық жұмыс немесе докторант жариялаған мақалалар сериясы турінде болуы мүмкін. Бұл қорғау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бүйробымен бекітілген Дәрежелер беру қағидаларының 5-1-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6951 болып тіркелген).

2) Құжаттарды қорғауға қабылдағанға дейін, кафедраның кеңейтілген отырысында диссертацияның алдын ала талқылауы жүргізіледі.

3) Кафедраның кеңейтілген отырысы өткізілгенге дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация 2 (екі) маманға рецензиялау үшін жіберіледі, олар ғылыми дәрежеге (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD) академиялық дәрежесі, бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD) дәрежесіне ие және докторанттың ғылыми зерттеу саласындағы бейіні бойынша доктор болуы тиіс.

Кафедраның кеңейтілген отырысына кафедра мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшениң ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ақ ЖОО-ның іргелес кафедраларының және

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыыйм салынады!



ASTANA MEDICAL UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы
ереже

E-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 8-беті

(немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Егер диссертация дәрежелер беру қағидаларының 4, 5 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе диссертация қорғауға жіберілмейді.

Консультанттар болмаған жағдайда олардың докторанттың диссертациясына қатысты пікірлерін отырыста төрағалық етуші немесе хатшы оқиды.

4) Кафедраның кеңейтілген отырысының оң қорытындысын алғаннан кейін докторант университет ректорына өзі диссертациялық жұмысын қорғайтын диссертациялық кеңесті тандау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа университеттің диссертациялық кеңесін көрсетсе, онда «АсМУ» КеАҚ оның құжаттарын 10 (он) жұмыс күні ішінде Диссертациялық кеңеске жібереді.

5) Диссертациялық кеңесі құжаттар ұсынылады:

- Отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері;
- Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;

Диссертациялық жұмыс қатты мұқабада және электрондық тасымалдағышта (егер диссертация диссертациялық жұмыс ретінде қорғалса);

- докторант білім алған ЖОО-ның ғалым хатшысы қол қойған ғылыми енбектер тізімі және жарияланымдардың көшірмелері;

- осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес докторант білім алған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табигат және тіршілік ету ортасы объектілерінің) құқықтарын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, тандау, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы;

- Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- Докторантура кәсіби білім беру бағдарламасын менгеру туралы транскрипт көшірмесі;

- Диссертацияның қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі 15 беттен аспайтын аннотациясы. Аннотацияда диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға шығарылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негізdemесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қоскан үлесінің сипаттамасы сипатталған;

- Докторант білім алған ЖОО-ның ғылыми кеңесі отырысының диссертация тақырыбын бекіту және консультанттарды тағайындау туралы хаттамасынан үзінді;

- бітіргенне кейін 3 жыл өткен соң докторант диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздеме (research proposal) қайта бекітілгененнен кейін ақылы негізде қорғауға жіберіледі;

- Докторант оқудан өткен кафедра менгерушісінің колы қойылған докторантқа мінездеме;

-Диссертациялық жұмыстың плагиатқа тексерілгені туралы университет берген анықтама, оның ішінде халықаралық дереккорлар бойынша тексерілген нәтижелер;

- «АсМУ» КеАҚ-тан тыс жерде білім алған докторант ДК-ға құжаттарды өзі оқыған ЖОО-ның бланкісінде ілеспе хатпен ұсынады;

- 4 дана 3x4 фотосурет.

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ

Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы
ереже

E-АсМУ-143-24

№ 3 басылым

26 беттің 9-беті

Диссертациялық жұмыс қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады. Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады және оларды диссертациялық кеңеске 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында тұракты кеңес мүшелері осы Ереженің 2.3-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындаиды.

6) Диссертациялық кеңес құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар екі ресми рецензентті тағайындаиды. Рецензенттерде Комитеттің және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оғ Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус) басылымдарының тізбесіне енгізілген журналдарда және/немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда докторанттың зерттеу саласы бойынша 5 (бес) ғылыми мақала немесе 1 (бір) монография (жеке жазылған) бар.

7) Қорғау күні қорғау күні тағайындалған күннен бастап 3 (үш) айдан аспайды. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттардың құжаттарының тусу кезектілігі сақталады.

8) Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алады.

Келесілер ресми рецензенттер болып тағайындалмайды:

- Комитеттің қызыметкерлері;
- Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар бойынша докторанттың бірлескен авторлары;
- диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін ЖЖОКБҰ және (немесе) ғылыми ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызыметкерлері;
- соңғы 3 (үш) жыл ішінде диссертацияның мазмұны бойынша комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша он қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар;
- Жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, бір анадан туған, бірақ әкелері бөлек ағайындар, ата-әжелер, немерелер.

9) Диссертациялық кеңес университеттің интернет-ресурсында докторанттарды қорғау және кеңес қызыметі туралы келесі материалдарды орналастырады:

- Докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, қорғау күні мен уақытын көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама (қорғауға 1 (бір) ай қалғанға дейін және тұракты негізде қолжетімді);

- Диссертация (корғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша барлық пысықталған нұсқалары титулдық бетінде тиісті белгілерімен (тұракты негізде қолжетімді);

- Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотациялар (корғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын), аннотациялардың көлемі ЖЖОКБҰ тарарапынан дербес анықталады;

- Докторанттың жарияланымдар тізімі (корғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын);

- Ғылыми кеңесшілердің пікірлері (корғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын), олар корғағаннан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді;

- Ресми рецензенттердің пікірлері (корғаудың белгіленген күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

- Қорғаудың толық бейнежазбасы, монтажсыз (қорғалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғалғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді болады);

- диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы Диссертациялық кеңестің қорытындысы (қорғаганнан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғағаннан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді болады);

- Апелляциялық комиссияның шешімі (бар болған жағдайда, шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді болады);

- осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

- Қорғау күні, уақыты, орнының өзгеруі туралы және рецензенттерді аудионыту туралы хабарландыру (болған жағдайда);

- Диссертациялық кеңестің кұрамы мен қызмет тәртібі туралы акпарат;

- көшіріп алынғандығын анықтаудың лицензиялық жүйесінің, оның ішінде қолданылу мерзімдерін көрсете отырып, халықаралық дереккорлар бойынша болуы туралы акпарат;

- докторант оқыған ЖЖОКБҰ этикалық комиссиясының (осы Ережеге 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша) зерттеу объектілерінің (тірі табигат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-аукатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы;

- Диссертациялық кеңес отырысын онлайн (бейнеконференция түрінде) өткізуі үйімдастыру туралы акпарат.

10) Диссертациялық жұмыс ЖЖОКБҰ интернет-ресурсында орналастырылғаннан кейін оған өзгерістер енгізілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін ЖЖОКБҰ интернет-ресурсында орналастырылады.

11) ЖЖОКБҰ интернет-ресурсында диссертацияның мазмұнына қатысты бейресми пікірлерді одан әрі қорғауға ұсына отырып, орналастыру мүмкіндігі беріледі. Авторлықты анықтау мүмкін емес және автордың электрондық адресі жоқ бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

12) Қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жіберіледі.

13) Диссертация қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың плагиат қолданғанын отандық және халықаралық деректер базасы бойынша тексеру үшін диссертациялық жұмысты «Үлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-ға (бұдан әрі - ҰМФТСО) жібереді. Титул параграфы мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

14) Диссертацияның қағаз және/немесе электрондық нұсқасы университет кітапханасына тапсырылады. Диссертациялық жұмыс қорғалғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертацияның электрондық нұсқасын диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Қазақстан Республикасының Үлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Үлттық кітапханасына тапсырады.

15) Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша пікірлер ұсынады.

Егер диссертация мақалалар сериясы түрінде қорғалған болса, ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың мақалаларының ғылыми деңгейіне түсініктеме



ASTANA MEDICAL UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Менеджменттің интеграцияланған жүйесіДиссертациялық кеңес туралы
ережеЕ-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 11-беті

береді. Егер мақаланың 2/3 (үштен екі) және одан да көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысты болмаса, ресми рецензент оны есепке алмайды.

Ресми рецензенттердің пікірлерінде келесі шешімдердің бірі көрсетіледі:

- Комитетке докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;
- Диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертацияны мақалалар сериясы түрінде қорғау жағдайынан басқа);
- Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттердің пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертациялық жұмыс қорғалғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын тапсырылады.

Ресми рецензенттерді ауыстыру жазбаша бас тарту немесе рецензиялауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен аз уақыт бұрын қабылданса, онда қорғау күні ауыстырылады.

16) Егер ҮМФТСО анықтамасында көрсетілген, ресми рецензенттердің пікірлерінде және университеттің интернет-ресурсында бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болса, Диссертациялық кеңес комиссияны диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертация қорғалғанға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей диссертациялық кеңеске ұсынылады.

17) Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (корғаудан кемінде 7 (жеті) жұмыс күні бұрын) докторанттың қорғауға жіберу туралы немесе диссертацияны корғаудан алыш тастау туралы шешім қабылдайды. Қабылданған шешім туралы диссертациялық кеңес докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ осы ақпарат университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

Докторант диссертацияны корғаудан алыш тастауға құқылы, бірақ оны қорғаудан кемінде 7 (жеті) жұмыс күні бұрын жасау керек.

18) Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы диссертация қорғау кезінде, егер олар докторанттың ғылыми кеңесшілері болса, өз міндеттерін атқара алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндетін орындау төрағаның орынбасарына жүктеледі, ал төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы бір уақытта болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

19) Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғауды бейнеказбага түсіруді толық көлемде қамтамасыз етеді, монтаж жасауға жол берілмейді.

20) Диссертациялық кеңестің отырысы, егер оған кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екі) бөлігі қатысса занды болып саналады. Отрысқа ресми рецензенттердің және уақытша мүшелерінің қатысуы міндетті.

Диссертациялық кеңестің мүшелері мен ресми рецензенттерге қорғауға бейнеконференция түрінде қатысуға рұқсат етіледі.

Диссертацияны қөшілік алдында қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде жүргізіледі.

Егер диссертация қолданбалы сипатта болса шақырылған практикалық сала мамандарының отырысқа қатысуына рұқсат етіледі.

Диссертациялық кеңес докторантты, диссертациялық кеңестің мүшелерін, ресми рецензенттерді диссертациялық кеңестің отырысын өткізу туралы бейнеконференция нысанында диссертацияны корғаудан кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын электрондық пошта және кеңес сайтында хабарландыру арқылы хабардар етеді.

Диссертациялық кеңестің отырысы бейнеконференция түрінде өткізілген жағдайда келесілермен қамтамасыз етіледі:

- отырысқа қатысуышылардың визуалды сәйкестендірілуі;

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY«Астана медицина университеті» КеАК
Менеджменттің интеграцияланған жүйесіДиссертациялық кеңес туралы
ережеЕ-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 12-беті

- отырысқа қатысушылардың сөз сөйлеуінің интернет желісіндегі үздіксіз бейне- және аудиотрансляциясы;
- отырыстың бейне- және аудиожазбасы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі.

21) Диссертациялық кеңес жасырын дауыс беру арқылы келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- Комитетке докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру үшін өтініш жасау;
- диссертациялық жұмысты пысықтауға жіберу (диссертация тек диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда);
- диссертациялық жұмысты қайта қорғауға жіберу;
- докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы Комитетке ұсыныс енгізуден бас тарту.

22) Диссертациялық жұмыс мынандай жағдайда пысықтауға жіберіледі:

Егер оның мәтінінде жұмыстың мәнін өзгерпейтін болмашы ескертулер болса. Егер диссертациялық жұмыс Ережелердің 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Ережелердің 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатынан басқа) ішінәра сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған жағдайда немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік және шынайылық қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

23) Диссертациялық кеңестің мүшелері, егер олар:

- ғылыми кеңесшілер болса,
 - тікелей басшылар болса,
 - немесе докторантпен жақын туыстық қарым-қатынаста болса,
- сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруге диссертацияның ресми рецензенттері қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарымен теңестіріледі.

24) Диссертациялық кеңестің Комитетке философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы өтінішхат беру туралы шешімі:

Егер оған дауыс беруге қатысқан адамдардың 3/4 (төрттен үші) немесе одан көп бөлігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады.

25) Диссертациялық кеңестің:

- философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту,
- диссертациялық жұмысты пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешімі дауыс беруге қатысқан адамдардың 2/3 (үштен екісі) немесе одан көп бөлігі дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады. Егер көрсетілген дауыс саны жиналмаса, қайта жасырын дауыс беру өткізіледі. Бұл жағдайда диссертациялық жұмысты пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім дауыс беруге қатысқан адамдардың көпшілігі дауыс берген жағдайда қабылданады.

26) Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияның Үлгілік ережелер мен Қағидалардың қандай талаптарына сәйкес келмейтінін көрсететін корытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдынғы қорғау жүргізілгеннен кейін кемінде 6 (алты) ай өткеннен кейін осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Диссертациялық кеңестің уакытша мүшелері мен ресми рецензенттердің құрамы өзгеріссіз қалады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

27) Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданған жағдайда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмысқа қатысты нақты ескертулерді қамтитын

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY«Астана медицина университеті» КеАК
Менеджменттің интеграцияланған жүйесіДиссертациялық кеңес туралы
ережеЕ-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 13-беті

қорытынды қабылдайды.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, ол мерзім 3 (үш) айдан аспайтын уақытқа ұзартылуы мүмкін. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген мерзімде ұсынылmasa, онда докторант қайта қорғаудан өтеді.

Егер докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық немесе ішінара келіспесе, ол аталған ескертулерге дәлелді жауаптарды ұсынады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс plagiatka тексеру үшін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық саралтама орталығына (ҰМФТСО) жіберіледі. ҰМФТСО-ның анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және ескертулерге берілген жауаптарды (болған жағдайда) талқылау үшін отырыс өткізеді. Отырыс осы Ережелердің 2.5.20-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте отырыстың бейнеказбасы интернетте онлайн көрсетілімсіз жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен дәрежені беру немесе қорғауға қайта жіберу туралы шешім қабылданады.

28) Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы докторанттың атtestаттау ісін қалыптастыруды, ол докторлық диссертацияны диссертациялық кеңесте қорғағаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Комитетке жіберіледі.

Докторанттың атtestациялық ісіне келесі құжаттар қоса беріледі:

диссертацияны ҰМФТСО-ға жіберу күні көрсетілген, диссертациялық кеңестің тәрағасы қол қойған диссертациялық кеңес құрылған университеттің бланкісіндегі ілеспе хат-қолдау хат;

электронды тасымалдағыштағы диссертация;
диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі және көшірмелері;

жеке басын күәландыратын құжаттың көшірмесі;

диссертацияны plagiatka тексеру бойынша ҰМФТСО-ның анықтамасы;
осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің катысу параграфы;

диссертацияны қорғау және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау (қажет болған жағдайда) бойынша диссертациялық кеңес отырысының толық бейнеказбасы мен диссертациялық кеңестің тәрағасы мен ғалым хатшысы қол қойған хаттамасы;
докторантуралың кәсіби оку бағдарламасын менгеру туралы транскрипт көшірмесі;
осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәліметтер.
1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9)-тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке "pdf" форматында сканерленген түрде ұсынады.

29) Комитет немесе диссертациялық кеңес теріс шешім қабылданған диссертация осы Ережеде белгіленген тәртіппен қайта қорғауға ұсынады.

30) Диссертацияны қайта қорғауға ұсыну кезінде диссертациялық кеңес диссертацияда бұрын анықталған бұзушылықтарды жою туралы қорытынды жасайтын 3 (үш) диссертациялық кеңес мүшесін тағайындаиды. Қорытынды университеттің интернет-ресурсында қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын жарияланады және диссертацияны қорғау кезінде оқылады.

31) Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертация қорғалған ЖОО-ға шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде еркін нысанда береді.

32) Егер апелляция диссертациялық кеңестің шешіміне берілген болса, онда апелляциялық комиссияның он қорытындысы мен диссертация 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Комитетке түпкілікті шешім қабылдау үшін жіберіледі.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Диссертациялық кеңес туралы ереже	E-AcMU-143-24 № 3 басылым 26 беттің 14-беті
--	--	--

Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және университеттің интернет-ресурсында жарияланады.

33) Осы Ережемен реттелмеген даулар, соның ішінде философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, апелляция беру мерзімін қалпына келтіру мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен сот тәртібімен шешіледі.

8. Диссертациялық кеңесті қаржыландыру тәртібі

1. Диссертациялық кеңес қоғамдық негізде жұмыс істейді;
2. Университет диссертациялық кеңестің жұмыс істеуі үшін барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді;
3. Университет диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығындарды, соның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығындарын өтеуді қамтамасыз етеді.

9. Диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы бақылау

Диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы бақылауды Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті мен Университет Ректоры жүзеге асырады.

3. Қайта қарau, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату

10. Университеттің осы Ережесін қайта қарau, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату Университеттің СУ-МУА-02 «Құжаттаманы басқару» стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Университеттің осы Ережесінің сканерленген нұсқасы Университет сайтында «Қызметкерлерге» және «Диссертациялық кеңес» бөлімдерінде орналастырылады.

12. Университеттің осы Ережесінің есепке алынған көшірмелері келесі тұлғаларға таратылады:

проректорға;
зерттеу мектебіне;
Диссертациялық кеңестерге;
сыртқы ұйымдарға (сұрау бойынша);
кафедраларға.

13. Университеттің осы Ережесінің түпнұсқасы «Астана медицина университеті» КеАҚ Басқармасы отырысының хаттамасынан үзінді көшірмесімен бірге СҚО-да тіркеліп, сақталады.

14. Университеттің осы Ережесінің сканерленген нұсқасы Университет сайтында «Қызметкерлерге» бөлімінде орналастырылады.

15. Әзірлеушілер бекітілген нормативтік құжаттардың PDF файлдарын СҚО-ға ұсынады.

4. Жазбалар

2-кестеде Диссертациялық кеңестің қызметі барысында жасалатын жазбалар көрсетілген, олар университеттің «Жазбаларды басқару» стандартының талаптарына сәйкес басқарылуы керек.

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАК
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

*Диссертациялық кеңес туралы
ереже*

E-AcMU-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 15-беті

2-кесте. Жазбалар тізімі

№ р/с	Атауы	Жазбалар нысаны	Жазбаларды жүргізу үшін жауапкершілік	Сактау		Жазбаларды жүргізу жиілігі
				орны	мерзімі	
1	Атауы «Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп» нысаны	1-қосымша	Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы	Зерттеу мектебі; КР ҒЖБМ	3 жыл	бастапқы
2	Этикалық комиссияның корытындысы	2- қосымша	Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы	Зерттеу мектебі; КР ҒЖБМ	3 жыл	бастапқы
3	«Докторант туралы мәліметтер» нысаны	3-қосымша	Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы	Зерттеу мектебі; КР ҒЖБМ	3 жыл	бастапқы
4	«Ресми рецензенттің жазбаша пікірі» нысаны	4-қосымша	Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы	Зерттеу мектебі; КР ҒЖБМ	3 жыл	бастапқы
5	«Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы» нысаны	5- қосымша	Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы	Зерттеу мектебі; КР ҒЖБМ	3 жыл	бастапқы

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыбым салынады!



1-қосымша «Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп» нысаны
Диссертациялық кеңес _____

(жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйімінің атауы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) кадрларды даярлау бағыты бойынша _____

Есеп келесі мәліметтерді қамтиды:

1. Откізілген отырыстардың саны туралы мәліметтер.
2. Диссертациялық кеңестің отырыстарының жартысынан азына қатысқан мүшелердің аты-жөні, экесінің аты (бар болған жағдайда).
3. Докторанттар тізімі ЖЖОКБҰ көрсетумен.
4. Есепті жыл ішінде кеңесте қаралған диссертациялардың қысқаша талдауы, келесі бөлімдерге бөлінген:

1) Қаралған жұмыстардың тақырыбына талдау;

2) Диссертациялар тақырыбының Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Занының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жынындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың бағыттарымен байланысы;

3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз пікірлердің мысалдарымен).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Кадрларды даярлау бағыттары бөлінісінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялар саны:

1) Қорғауға қабылданған диссертациялар (басқа ЖЖОКБҰ-дан келген докторанттарды қоса алғанда);

2) Қараудан алынған диссертациялар (басқа ЖЖОКБҰ-дан келген докторанттарды қоса алғанда);

3) Ресми рецензенттерден теріс пікірлер алған диссертациялар (басқа ЖЖОКБҰ-дан келген докторанттарды қоса алғанда);

4) Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім қабылданған диссертациялар (басқа ЖЖОКБҰ-дан келген докторанттарды қоса алғанда);

5) Пысықтауға жіберілген диссертациялар (басқа ЖЖОКБҰ-дан келген докторанттарды қоса алғанда);

6) Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (басқа ЖЖОКБҰ-дан келген докторанттарды қоса алғанда).

Диссертациялық кеңестің төрағасы

(колы, тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(колы, тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)

Мер, күнін көрсету «_____» 20_____ жыл

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY«Астана медицина университеті» КеАҚ
Менеджменттің интеграцияланған жүйесіЕ-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 17-беті

2-қосымша. «Этикалық комиссияның қорытындысы» нысаны

»
Жоғары оку орнының атапу

1.	Докторанттың аты-жөні	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оку мерзімі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	
5.	Фылыми кеңесшілер туралы мәлімет – аты-жөні (бар болған жағдайда), лауазымы мен жұмыс орны, фылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Фылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
8.	Фылыми зерттеулердің нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
9.	Зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау калай жүргізілді (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ету ортасы болған жағдайда)?	

Этикалық комиссияның төрағасы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))Этикалық комиссияның хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАК
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

*Диссертациялық кеңес туралы
ереже*

Е-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 18-беті

З-көсімша «Докторант туралы мәліметтер» нысаны

(тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)

Фото
3x4

1	Туган күні мен жері, азаматтығы, ұлты	
2	Докторантурада оку туралы мәліметтер (ЖОО және оку кезеңі)	
3	Докторантура мамандығы	
4	Диссертацияның қорғалған орны мен күні	
5	Диссертацияның тақырыбы мен тілі	
6	Ғылыми кеңесшілер (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары, азаматтығы)	
8	<p>Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:</p> <p>Журналдарда басылымдар тізімінен</p> <p>Web of Science (Вэб оф Сайнс) немесе Scopus (Скопус) базасынан шетелдік басылымда</p> <p>халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде:</p> <p>шетелдік конференция материалдарында</p>	
9	Еңбек қызметі	
Күні	Жұмыс орны, лауазымы	Мекеменің орналасқан жері
қабылдау	жұмыстан босату	

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАК
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы
ереже

Е-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 19-беті

10

Тұрғылыкты жері,
байланыс деректері

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, экесінің аты (бар болған
жағдайда)

Мөр, күні «__» 20__ жыл

Күжатты рұқсатсыз көшірге тыйым салынады!

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАК
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы
ереже

E-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 20-беті

4-қосымша «Ресми рецензенттің жазбаша пікірі» нысаны

№ п / с	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестік (жауаптың бір нұсқасын сызып көрсету)	Ресми рецензент тің устанымы н негіздеу (ескертүле рді курсивпен белгілеу)
1.	Диссертацияның тақырыбы (оны бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	<p>Фылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) диссертация мемлекеттік бюджеттен каржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарлама шенберінде орындалды (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шенберінде орындалды (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету). 	
2.	Фылым үшін маңызы	Жұмыс ғылымға айтартылғатай үлес косады/коспалды және оның маңыздылығы жақсы ашылған / ашылмаған.	
3.	Дербестік принципі	<p>Дербестік деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) тәмен; 4) дербестік жок. 	
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>Диссертацияның өзектілігін негіздеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негіzsіz. <p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетеді; 2) ішінара көрсетеді; 3) көрсетпейді. <p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түргыдан өзара байланысты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен өзара байланысты; 2) өзара байланыс ішінара; 	

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!



ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Менеджменттін интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы ереже

Е-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 21-беті

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАК
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Диссертациялық кеңес туралы
ереже

Е-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 22-беті

		<p>2. жок; 3. ағымдағы тұжырымдамада тұжырымының макалада дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>Өдістеме тандау – негізделген бе немесе әдістеме жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған ба:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. иә; 2. жок. <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өндөу және түсіндіру әдістемелерін қолдану арқылы алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. иә; 2. жок. <p>Сенімділік принципі.</p> <p>8. Көздер мен ұсынылатын ақпараттың байланыстар мен зандылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденіп, расталған (педагогика ғылымдары бойынша дайындық бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. иә; 2. жок. <p>Маңызды тұжырымдар өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған. Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз.</p> <p>9. Практикалық құндылық принципі</p> <p>Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жок. <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жок. <p>Практикаға арналған ұсыныстар жаңа болып табылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз бөлігі жаңа). <p>10. Жазу және безендіру сапасы</p> <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) ортадан төмен; 4) төмен. <p>11. Диссертацияға ескертулер</p> <p>12. Зерттеу такырыбы бойынша докторант макалаларының ғылыми денгейі (диссертацияны макалалар сериясы түрінде қорғаған жағдайда ресми рецензенттер зерттеу такырыбы бойынша докторанттың әрбір макаласының ғылыми денгейіне қатысты пікір білдіреді)</p> <p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>
--	--	--

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY«Астана медицина университеті» КеАК
Менеджменттің интеграцияланған жүйесіДиссертациялық кеңес туралы
ережеE-AcMU-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 23-беті

5-қосымша «Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы» нысаны

Кеңестің «___» 20___ отырысы, № _____ хаттама
Докторанттың диссертациясын
корғау _____
(тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда))
кадрларды даярлау бағыты бойынша _____

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)	Денгейі	Отырыска келу (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда))

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыбым салынады!



Келісу парагы

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!



ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі

Е-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттін 25-беті

Диссертациялық кеңес туралы ереже

Өзгерістерді тіркеу парагы

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!

ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY«Астана медицина университеті» КеАК
Менеджменттің интеграцияланған жүйесіЕ-АсМУ-143-24
№ 3 басылым
26 беттің 26-бетіДиссертациялық кеңес туралы
ереже**Таныстыру парагы**

№ р/с	Лауазымы	Тегі, аты-жөні	Танысқан күні	Қолы
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!